

2003 жылғы 5-6 маусымдаа "Оқжетпес" санаторийінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 9-мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 114-ө өкімі

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 9-мәжілісі (бұдан әрі - мәжіліс) 2003 жылғы 5-6 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Оқжетпес" санаторийінде (Ақмола облысы, Бурабай поселкесі) өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мәжілісті дайындау және өткізу жөнінде ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): мәжіліс мүшелерін және бірге жүретін адамдарды орналастыру, тамақтандыру, техникалық жарақтандыру, оларға медициналық және көліктік қызметтер көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

мәжілісті өткізуге арналған шығыстарды 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) мәжіліске қатысушылардың әуежайлардағы және баратын, тұратын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ баратын бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Астана - Бурабай курорты - Астана бағыты бойынша арнайы литерлік поезд ұйымдастырсын. Жолаушылардың жол жүруін және поезда тамақтануын ұйымдастыру жөніндегі шығыстар "Қазақстан темір жолы" ҰК ЖАҚ-тың есебіне жатқызылсын.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мәжілістің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, концерттік бағдарлама өткізуді ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК